



МЕНШІК ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК
ЭКОНОМИКА

Жоспар:

- 1. Меншік туралы түсінік
- 2. Меншіктің нысандары
- 3. Жеке меншік және мемлекеттік меншік ұғымдары
- 4. Әлеуметтік экономика

Меншік — жеке адамдарға немесе ұжымдарға тиесілі өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдер және қаражат.

Меншік құқығы әдетте нақты субъектінің нақты объектіге (мүлікке) құқығы сияқты құқықтық құзыретке саяды, олар – мүлікті иелену құқығы, пайдалану құқығы, билеу құқығы.

- Иелену құқығы – затты нақты иеленудің және оны өз иелігінде ұстаудың заңмен берілген мүмкіндігі.
- Пайдалану құқығы – мүлікті тұтыну, оның игілігін көру, кіріс алу, пайдаға жарату мүмкіндігі.
- Билік ету құқығы – мүлікке өз қалауынша және өз мүддесі үшін билік ету мүмкіндігі.

Бұл құқықтық құзыреттер бір-бірімен тығыз байланысты. Меншік мемлекеттік, ұжымдық, муниципалдық және жеке болып бөлінеді. Меншік құқық нормаларын орнықтырып, жетілдіру арқылы қорғалады. Нарықтық экономикаға өту кезінде жеке меншіктің үлесі артып, мемлекеттік меншіктің үлесі азаяды.

- Меншік нысандары:

- 1.Мемлекеттік

Мемлекеттік меншік – өндірістің жекелеген немесе барлық құралдарына мемлекеттің иелік етуі.

Мемлекеттік меншік — мемлекеттің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, сақтандыру сақтық қорлары, кәсіпорындар мен шаруашылық кешендері, көлік, жоғары және арнаулы орта оқу орындар, әлеуметтік-мәдени саладағы объектілер және басқадай мүліктер.

Мемлекеттік меншіктер:

1.Республикалық меншік : үкіметтік ғимараттар , жолдар , ұлттық мұражайлар , кітапханалар

2.Коммуналдық меншік : облыстарға және қалалық әкімшілік – аумақтар жатады.

Жеке меншік

Жеке меншік объектілері жеке адамға, отбасыларына, адамдар тобына тиесілі болады.

Жеке меншік - жерге, жылжымайтын мүлікке, өндіріс құрал-жабдығына, ақшаға, бағалы қағаздарға, жұмыс күшіне, т.б. активтерге иелік ету.

Жеке меншіктер:

1. Заңды тұлғалардың меншігі
2. Жеке тұлғалардың меншігі

Заңды тұлғалардың меншігі фирмалық атауы, дербес балансы мен сметасы, банктерде есеп айырысу шоттары, сондай-ақ мөрі болады. Ол дербес салық төлеуші ретінде әрекет етеді.

Жеке тұлғалардың меншігі – көлік , үй т.б. заттар

Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін **мемлекет иелігінен алу** мен **жекелешелендірудің** төмендегідей түрлері қолданылады:

- а) мемлекеттік кәсіпорын мүлігін жалға беру;
- ә) жалға берілген мемлекеттік кәсіпорын мүлігін сатып алу;
- б) мемлекеттік меншік объектілерін концессияға беру;
- в) мемлекеттік кәсіпорынды акционерлік қоғам немесе серіктестік ретінде құру;

■ **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ
МАҚСАТЫ:**

**1.МЕМЛЕКЕТТІК
ҮСТЕМДІКТІ ЖОЮ;**

**2.ЖЕКЕ МЕНШІК
ТОПТАРЫН ҚҰРУ,
БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ;**

**3.ШЕТЕЛ
ИНВЕСТОРЛАРЫН
ТАРТУ;**

**4.КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.**

Әлеуметтік экономика дегеніміз-саясат негізінде, мықты бәсеке, еркін кәсіпкерлік және меншіктің көп түрлілігіне негізделген халықтың қажетті өмір сүру деңгейін халықты әлеуметтік қорғаудың кепілдігін қамтамасыз ететін әлеуметтік экономикалық қатар жүйесі. Демек, әлеуметтік экономика дамыған мемлекеттерде әрекет етеді.

Әлеуметтік экономиканың негізгі мақсаты - адамның еркін дамуын, азаматтың және жалпы ел тұрғындарының сапалы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге негізделеді.

Мұндай мақсатқа жету құралы болып ғылым мен техниканың және адами факторлардың бүкіл әлемдік қолдану кезінде серпінді дамыған экономика болып табылады.



«БҮГІНДЕ ӨЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУДАН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮДЕМЕЛІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТЕРМЕН КЕҢ КӨЛЕМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АРАСЫНДАҒЫ ОҒТАЙЛЫ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ ТАБУДАН, ҚҰҚЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӨЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ БЕКІТуден тұрады»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВ

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі мақсаттары

- экономикалық өсу
- толық жұмыспен қамтылуы
- экономикалық тиімділік
- экономикалық еркіндік
- еңбекке жарамсыздарды қамтамасыз ету
- баға деңгейінің тұрақтануы
- сыртқы байланыстардағы баланс

Әлеуметтік-экономикалық даму факторлары



The background is a teal-to-blue gradient with a subtle pattern of small white stars. On the right side, there are several technical diagrams, including a large circular gauge with numerical markings from 80 to 200 and a smaller circular diagram below it. On the left side, there are partial views of similar circular diagrams.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!